

## АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Университетіміздің студенттері Елорданың 25 жылдығына орай өткізілген «Жылдың 100 үздік ғылыми жобасы» атты республикалық байқаудың жеңімпаздары атанды.

Байқаудың мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын дарынды жастардың арасында кеңінен насихаттау, жастардың бойында инновациялық идеяларын арттыру, ғылыми, шығармашылық қабілетін дамыту.

Республикалық байқау нәтижесінде Жаратылыстану факультетінің студенттері Аяжан Жеңісқызы мен Аружан Қанали I дәрежелі дипломмен марапатталды. Дарынды студенттердің ғылыми жоба жетекшісі – доцент м.а., А.ш.ғ.к., Мұрат Ерденев.

### ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ


Университетіміздің Сауран ауданы әкімдігінде қызмет ететін түлектерінің қатысуымен «Елге қызмет – абыройлы міндет» атты тәжірибелік ашық семинар өтті. Семинарға әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Асқар Тұрғанбаев, Экономика, басқару және құқық факультетінің оқытушы-профессор құрамы мен студенттері қатысты.

Жиында оқу ордамыздың түлектері: Сауран ауданы әкімдігінің Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Дауырхан Асылбек, Жер қатынастары бөлімінің басшысы Асылбек Патсаев, Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жанар Жұмабекова қонақ болды.

Қонақтар өздерінің университет қабырғасындағы жылы естеліктері мен студенттік шақтағы арман-мақсаттарын, еңбек жолдарын тарқата айтты. Басқосуға қатысқан студенттерді болашақта мемлекеттік қызметте жұмыс істеу үшін керекті талаптармен таныстырды. Тек ол ғана емес, мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мен ұлтқа қызмет етудің маңызына тоқталды.

Сонымен қатар, болашақ жас мамандарға мемлекеттік қызметке орналасуға, арнайы тәжірибеден өтуге арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау шараларын таныстырды. Соның бірі – «Жа-стар практикасы» бағдарламасы. Бұл түлектерге мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға көмектесіп, мол мүмкіндік беретін бірегей бағдарлама екенін айтты.

## КӨКТЕМ КЕЛДІ, ГҮЛГЕ ОРАП КӨК БЕЛДІ



## КӨКТЕМДІ ІЛЕСТІРІП ҚАНАТЫНА, НАУРЫЗ КЕЛДІ МЕРЕКЕЛЕР ШЕРУІМЕН...

Жер дүние жаңарып, жасарып жан-жануар қалың ұйқысынан ояңған сәт. Айналаға жасыл кілем төселіп, алғашқы бәйшешек бүр жаратын, қызғалдақ жайқалатын кез. Ол әрине, КӨКТЕМ келгенін айғақтайды. Көктемде күн жылып, құстар қайта ұшып келеді. Көктемде жан-жануар оянып, айналы түрті-түсті түске еніп, табиғат жарқын бояуларға боялады. Адамдар сергіп, қалың киімдерін тастап, тіршіліктерін жалғастырады. Көктем адамдарға әсіресе жаңбырлы күндерімен ұнайды. Жаңбыр топыраққа тигендегі жердің аңқыған иісі, көктің иісі...

Көктемнің 3 айы да өте ерекше. Наурызда күннің алғашқы жылы шуақтары пайда болса, сәуірде қар толықтай еріп, күн ұзарса, майда адамдар жаздың жылуын сезіне бастайды. Көктемде қыстың ызғарлы суықтарынан әбден шаршаған адам баласының жүзі нұрланып, көңіл-күйі жақсарады.

Көктемде жер көгереді. Қырда бәйшешектер өседі. Көктемде жаңбыр нөсерлеп жауып, кемпірқосақ көп болады. Күн ұзарғандықтан кішкентай балалар армансыз далада ойнайды.

Көктемде қазақтардың жаңа жылы өз Наурыз тойланады. Наурыз ол көктемнің алғашқы мерекесі. Наурызда балалар өткеншек теуіп, алтыбақанда ойнайды.

Көктемнің келуі табиғаттың оянуымен теңестіріледі. Көктемнің алғашқы аптасының өзінде ағаштарда жапырақтар пайда болып, гүлдер бүршік ата бастайды. Меніңше, көктем – ең сұлу мезгіл.

2024 жыл кібісе жылы болып саналады. Кібісе жылы төрт жылда бір айналып келеді. Яғни басқа жылдарда 365 күн болса, кібісе жылында 366 күн бар. Басы артық бір күн ақпан айының үлесіне тиеді. Бүгін қыстың соңғы күні. Ертең көктем! Жылдың ең тамаша мезгілі көктем болса, адамның да ең керемет кезі-жастық шақты да көктеммен теңестіруге болады.

### КӨКТЕМ ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

- 1) Ғалымдар жекелеген өсімдіктердің шешек атуын бақылау арқылы көктем тәулігіне 50 км жылдамдықпен қозғалатынын есептеп шығарған екен.
- 2) Көктем әлемнің барлық аймағына наурыз, сәуір, мамыр айларында келмейді. Мысалы, Австралия, Аргентина мен Мадагаскарға көктем қыркүйекте келеді.
- 3) Көктем астрономиялық тұрғыда 20 немесе 21 наурызда келеді – көктемгі күн мен түннің теңесетін уақыты.
- 4) Күз мезгіліне қарағанда көктемде адамдардың тыныс алу жиілігі үштен бірге артады.
- 5) Женеваға көктем кантоналды әкімшіліктің терезесінің алдында «ресми талшын» бүр жарғанда ғана ресми түрде келеді. Әдетте, салт бойынша көктемнің келгенін ол наурызда «хабарлайды», бірақ кейде ол дәстүрді бұзып тұрады. Мысалы, 2002 жылы талшын 29 желтоқсанда бүр жарған, ал 2006 жылы екі рет гүлдеген – наурызда бір, ал кейін қазанда бір.
- 6) Ал біздің ата-бабаларымыз бұл тұрғыда көкекке сенген. Ежелде көкек шақыра бастағанда көктем келді деп есептелген.
- 7) Көктем келе салысымен киім ауыстыратын біз ғана емес. Қояндар, тиіндер мен басқа да жануарлар ашық түсті ішіктерін қошқыл түске ауыстырады.
- 8) Барлық құс туғанынан шырылдай алады. Бірақ жай шырылдау оларға аздық етеді, әр құс өз тұқымына тән әндерді үйренуі тиіс. Мұны олар тек келесі көктемде, 300 күн толғанда толық меңгереді.
- 9) Көктем жылулығына ең бірінші өсімдіктердің тамыры сыр береді. Олар 7-8 градус жылылықта белсенді түрде өсе бастайды.
- 10) Балқурай көктем гүлі түсін төрт рет ауыстырады: бүршік жарғанда ол алдымен алқызыл, сосын қызылқұрең, күлгін және кейін көк түске бөленеді.

## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

# ТӘРБИЕ БАСЫ - ТАЛ БЕСІК

Тәрбие - тал бесіктен бастау алады. Осы сөздің өзінде қаншама мағына жатыр. Негізінен тәрбие дегеніміз-алдыңғы буынның бізге қалдырған рухани байлығы. Тәрбие ең алдымен отбасыдан, ата-анадан басталады. Ұрпақтың тәрбиелі, рухани бай болуы біріншіден отбасына, екіншіден араласатын ортасына байланысты.

Адам баласы дүние есігін ашып, өмірге келгеннен бастап ата-анасының іс-әрекеттерін көріп өседі. Ең алдымен ата-анасы балаға жүруді, сөйлеуді, әдептілікті және тағы да басқа дүниелерді бойына сіңіреді. Бала ата-анасына қарап өседі. Олардың жасаған іс-әрекетін жасайды. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің"-деген сөз осыдан қалған іспетті. Сол үшінде ата-ана балаға барынша жақсы тәрбие беруге тырысады.

Бізде қазақ қоғамының арасында қыз балалар мен ұл балаларға арналған тиымдар бар. Бұның өзі тәрбиенің бір бөлігі. Сол тиымдар арқылы қызды қылықты, инабатты, иманды қылып, ұлды батыр, әділ, шыншыл қылып қалыптастырады.

Баланы тәрбиелеу-ол ұлтты тәрбиелеумен тең. Ұлы ойшыл Әл Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы». Бірақ тал бесіктен бастау алған ата-ананың тәрбиесін ешбір дүние алмастыра алмайды.

Тәрбие беру-ұлтты қалыптастыру. Ата-бабаның ізімен, ананың жылулығымен берілген тәрбиені көрген жас буындар көп болса, онда болашағымыздың жарқын болары анық. Болашағымыз айқын болғанын қаласақ, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

Гүлжайна ӘБДІЛЛАЕВА,  
1-курс студенті



## КІТАП-ӨМІРЛІК ҰСТАЗ

«Мәдениеттің мәйегі – кітап» - демекші, кітап - біздің өмірімізді мән-мағыналы ететін құнды дүниеміз. Кітап оқымай білім алуымыз, өмірді білуіміз мүмкін емес. Кітап оқу болашағымыздың кепілі бола алатындықтан, біз - жастар кітап оқумен шындалуымыз керек деп ойлаймын. Жалпы өзім кітап оқып бастағалы кітап менің өмірімдегі ең маңызды құнды дүниеме айналды. Көптеген ақындарымыздың керемет шығармаларын білдім. Оқитын шығармаларымның көпшілігі әдеби кітаптар. Дәлірек айтсам, Ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл Фарабидің ең танымал еңбектерінің бірі- «Қайырымды қала» кітабында, егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл әлем қайырымды болмақ делінген. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде, Бауыржан атамыз азаматтық тұрғыдағы аңыз-әңгімелерді әжесінен естігенім үлкен сүйіспеншілік сезіммен есіне алған, сондай-ақ ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенім мақтан етеді. Бұл шығармада салт-сана, дәстүр, ұлттық келбеті өте шынайы суреттеледі. Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» романы осы уақытқа дейін қазақ даласына жасалған кеңес дәуіріндегі жағымсыз әрекеттерді әшкерелеп суреттейді және ұрпаққа жеткізген жалғыз көркем шығарма болып табылады. Келесі оқыған кітаптарым, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» және Ғабит

Мүсіреповтың «Ұлпан» романдары менің сүйікті шығармаларыма айналды. Бұл романдардың бір-біріне ұқсастықтары бар. Осы шығармаларда XIX ғасырдағы қазақ қыздарының өзіндік тандауы мен құқықтары мүлдем болмағанын көруге болады. Қазақтың ақ маңдайлы қыздарының тағдырлары әп сәтте бұзылып, өздерінің қалауынсыз екінші жартыларына тұрмысқа шығып, сүйген ер-азаматтары мен қосыла алмай кеткендері жайлы баяндалады. Мадина Омарованың «Көмбе нанның дәмі» шығармасы сонау

соғыс жылдары тылда қалған халықтың басындағы нәубет халді суреттейді. Майдан елдегі ер-азаматты түгел сыпырып алып кеткенде, барлық қиямет-қиыншылық ауылдағы шал-кемпірдің бала-шаға мен әйелдердің мойнына қыл шылбыр болып ілінді. Ол кеңес өкіметінің саясатына қайшы болып көрінген ұлттарды туған жерінен айырып, басқа мекенге депортациялау болатын. Туындыда қазақтың өзі қайғыдан қан жұтып, аш-жалаңаш отырса да пана іздеп келген жұртты сыртқа теппей, аялы алақандарын ұсынып бір нанды бөлісіп жегендері, әрбір оқыған адам үшін жүрекке жетерлік оқиға деп есептеймін. Дулат Исабековтың «Өпке» драмасы көпшілігіне таныс шығарма. Драмадағы басты кейіпкер Қамажайдың басынан өткерген қиыншылықтары жайында айтылады. Барлық адам өз бақытын тауып, екінші жартысымен, балаларымен бақытты болуға хақылы. Алайда Қамажай оған қарамастан алдағы уақытта күйеуімен балаларымен өткізетін

өмірін, бауырларына арнайды. Сондықтан да мен үшін бұл кітаптың ең басты құндылығы, өпкенің бауырларына деген шексіз сүйіспеншілігі. Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасы аясында әр адам ұлттық құндылықты бағалауда. Туған жерін қастерлеп сол жердің тарихын білу парыз. Шыр етіп, жерге түскен бауырымдай еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекенімнің тарихын білу мақсатында «Атажұрт» кітабімізді оқып, киелі де, қасиетті аңыздарға толы ауылымның тарихынан көп пайдасы тиер мәліметтерді алдым. Әрбір оқыған кітаптарымның маған берер пайдасы молырақ

болды десем қате айтпағаным. Кітаптың адам баласына пайдасы тимесе, еш зияны жоқ екені бәріне белгілі деп ойлаймын. Тіл мен жанды байытып, оны тәрбиелейтін тек кітап қана. Адамды адам еткен-кітап, адамзат еткен – кітапхана екенін ұмытпайық!

Жұпар АҚЫН,  
1-курс студенті



## ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАММЕН МАҚТАНАМЫН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстандағы жоғары оқу орны болып табылады.

Университет Қазақстанның тарихи және мәдени орталығы болып табылатын Түркістан қаласында орналасқан. Ол сопылықтың алғашқы өкілдерінің бірі болған көрнекті ақын және ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің есімімен аталады.

Университеттің негізгі мақсаты - халықаралық деңгейде сапалы жоғары білім беруді қамтамасыз ету және Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени, ғылыми және білім беру ынтымақтастығын дамытуға ықпал ету. Университет сонымен қатар әр түрлі елдердің басқа университеттерімен және ұйымдарымен белсенді жұмыс істейді, ғылыми зерттеулер жүргізеді және академиялық және мәдени іс-шараларға қатысады.

қазақ-түрік университеті мәдени алмасу мен түсіністікке ықпал ететін бірегей ортаны ұсынады.

Университеттің мәдени ұстанымының соңғы, бірақ маңызды аспектісі оның басқа халықаралық университеттермен, ұйымдармен және мәдени орталықтармен ынтымақтастық пен серіктестікке ұмтылуы болып табылады. Бұл мәдени байланыстарды нығайтуға және білім мен тәжірибе алмасудың шекараларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдени ұстанымы қазақ және түрік мәдени дәстүрлерінің бірегей үйлесіміне негізделеді және мәдени ынтымақтастықты дамытуға және халықаралық білім алмасуға ықпал етеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдени ұстанымын жетілдіру үшін бірнеше іс-



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдени ұстанымы қазақ және түрік мәдени дәстүрлерімен үндесіп тұрғандай.

Қазақстан мен Түркияның ислам мұрасы мен түркі тамырларын қоса алғанда, ұқсас тарихи және мәдени байланыстарын көре аламыз. Қожа Ахмет Ясауи университеті осы байланыстарды жүзеге асырады және екі елдің мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттауды мақсат етеді.

Университеттің мәдени ұстанымының негізгі аспектілерінің бірі - түркі мәдениетіне, тарихына және тілдеріне негізделген білім беру. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері мен оқытушылары қазақ және түрік мәдениеті, тарихы мен өнері туралы мол білім алуда. Бұл университет түркі мәдени мұрасын зерттеуге және түсінуге, сондай-ақ түркі тобының тілдеріне мәдени әртүрлілікті қолдау және білім алмасу үшін ерекше мән беретінін білдіреді.

Университеттің мәдени ұстанымының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі - мәдениетаралық өзара іс-қимыл және әртүрлілік. Әр түрлі елдер мен мәдениеттердің студенттері мен оқытушылары ынтымақтасады, тәжірибе алмасады және бір-бірінен үйренеді. Осының арқасында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық

шаралар жүргізу үстінде:

Атап айтқанда, Қазақстан мен Түркияның мәдениеті мен дәстүрлерін тануға және таныстыруға бағытталған мәдени фестивальдар мен көрмелер ұйымдастыруда.

Сондай-ақ, Мәдени мұраны зерттеуге және Қожа Ахмет Ясауидің аймақтағы мәдениет пен білім беруді дамытуға қосқан үлесіне арналған ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізіледі.

Қазақстан мен Түркияның дәстүрлері мен мәдениетін зерделеуге, практикаға және ілгерілетуге бағытталған студенттік клубтар мен топтарды ұйымдастыру.

Студенттер мен жұртшылықты екі елдің мәдени мұрасы мен дәстүрлерін зерттеуге тарту мақсатында мәдени мерекелер, іс-шаралар мен конкурстар өткізу де екі елдің ынтымақтастығын арттыра түскендей.

Осы шаралардың барлығы университет қабырғасында мәдени ұстанымды жаңғыртуға өз үлесін қосуда. Осындай университетте білім алып жүргенімді мақтанышпен айтқым келеді.

**Балнұр ҚОЙШЫБАЙ,**  
1-курс студенті



# Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

### ҰМЫТ БОЛА БАСТАҒАН САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗ

Қазақ жұрты өзінің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін қалыптастыра білген халық. Дәстүр — мәдениеттіліктің белгісі. Дәстүр — ел өмірімен біте қайнасып жеткен рухани байлық. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі де осы салт-дәстүр мұхитының салалары мен тармақ, тамшылары болып саналады. Біз қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай болғанымызмен, жыл өткен сайын салт-дәстүрлеріміз сақталмай жойылып бара жатыр. Осы мақалам арқылы жоғалып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді ел есіне қайта салғым келеді.

1) **ТӘБӘРІК** (ғұрып) — біреу ойын, тойда бәйге, жүлде алса, одан жанындағыларға үлес беруі керек. Мұндайда жұрт одан «тәбәрік бер» деп сұрапалады. Олжаны адам әдет бойынша тәбәрік беруге міндетті, бермеуі ұят, сараңдық, дәстүр сыйламағандық деп есептеледі.

#### 2) БӘСІРЕ.

Шаңырақта ұл бала дүниеге келгенде сол күндері туған құлынды немесе ботаны «нәрестенің бәсіресі» деп атау салты болған. Қазақ халқының ұғымында дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Қазақ халқы бәсіресі бар баланың да есейе келе малға деген ықыласы, пейілі түзу болады деп пайымдаған.

#### 3) ҚАЛЖА (дәстүр).

Жас босанған әйелге арнаулы мал сойылып берілетін тамақ «қалжа» деп аталады. Жақын адамдарда «қалжа» әкеледі. Бұл - әрі сыйластық, құрмет әрі босанған әйел белін тез бекітіп, сауығып кетсін деген тәрбиелік мақсаттан туған елдік дәстүр, ғұрып.

#### 4) КӨГЕНТҮП (салт).

Туыс, жұрағат адамдардың қонаққа келгенде оның баласына ескерткіш, сый ретінде берілетін мал. Бұл бала үшін сый, қуаныш болса, оның ата-аналары үлкен құрметтеудің белгісі десе де болады.

#### 5) ЕРУЛІК (салт).

Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса сол ауылдың адамдары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіріп табақ тартады. Бұл жаңа адамдарды бөтенсіретпей

өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі.

#### 6) АУШАДИЯР.

Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Жәй өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар. Аушадияр деп аталатын бұл жырдың үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген. Қазір Қазақстанда аушадияр айтылмайды.

Қарапайым, тұрмыстық сөздерге құралғандықтан, ол тез жатталады:

Аушадияр бір болар,

Жаманның көңілі кір болар.



Ата-анасын сыйлаған,

Ақ шалмалы би болар.

Аушадияр екі дер,

Ержеткеннің еркі дер,

Омырауы толған он түйме,

Қыз баланың көркі дер.

Аушадияр төрт болар,

Қыздың қойны өрт болар.

Екі жақсы қосылса,

Өле өлгенше серт болар.

#### 7) БАЛДЫЗ ҚАЛЫҢ.

Қалың малы төленген қалыңдық қайтыс болған жағдайда қазақ дәстүрі бойынша қалыңдықтың сіңлісін (балдызын) алу кезінде төленетін қосымша қалың мал балдыз қалың деп аталады. Күйеу қайтыс болған қалыңдығына ұрын барған болса ғана бұл ақы төленеді. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса, балдыз қалың төленбейді. Балдыз қалың – күйеудің балдызын алу үшін бұрынғы қалың мал үстіне түйе бастаған тоғыздан тағы да қалың мал төлеуінің атауы.

#### 8) СЫЙЫТ.

Ежелгі дәстүрде қайтыс болған адамның тұтынған киімдерін оның сүйегін жууға кірген, яғни, халық тілімен айтсақ, «өлікке түскен» адамдарға марқұмның атынан киім үлестіреді: бас жағына түскенге бас киімін, ортасына түскенге шапанын, аяғына түскенге етігін (шұлғауымен) атап, таза, тұтынылмаған киімді үлестіретін салт болған.

Бұған қосымша өзі қатарлас адамдарға басқадай ұсақ киім, көйлек және басқа кәде қоса ұсынады. Егер киімі берілмей, үй-іші қараулық жасаса, аруақ жалаңаш жүреді деген сенім бар.

#### 9) СҮТ АҚЫ.

«Қыз ұзату» салты кезінде құдалар тарапынан әкелінетін ең басты, жолы бөлек кәде сыйды «сүт ақы» дейді. Оны «ана сүті» деп те атайды. Яғни, келген құдалар қыздың анасына «сүт ақысын» төлейді. Өлдилеп ақ сүтін беріп өсіргені үшін қыздың анасына кәде беріп, батасын алады. Бұрынғы заманда ол бір түйе немесе ат болған. Дегенмен Қазақстанның әр аймағы бұл дәстүрді өзінше өткізеді.

#### 10) СЫРАЛҒЫ

«Батырдан – сауға, аңшыдан – сыралғы» деген мәтел бар. Сыралғы – олжалы, қанжығасы қанданып келе жатқан аңшыдан немесе саятшыдан кездескенде сұралатын дәстүрлі, кәделі жол әрі ырым. Мәрт аңшылар мұндайда «сыралғы» сұрағанның сөзін жерге тастамайды. Есте болатын бір әдет-ғұрып – міндет. Бірақ атып алған аң сыйлыққа жатпайды.

## «ҚАЗАҚ ОСЫ ДАНА ХАЛЫҚ ДӘЛ АТЫ»

Қазір күшпен емес, ақылмен санасатын заман. Елімізде ақылды, дана сонымен қатар терең ойлайтын тұлғалардың көп болуы арқылы өліміздің мәдениетін күллі әлемге паш ете аламыз. Даналық - адамгершілікті танудағы, табудағы, табыстырудағы құбылыс, қасиет, құрал. Ұлттық мәдениет ұрпақ үшін қашанда ауадай қажет дүние. Бірақ қазіргі ақпараттық технология өзінің үстемдігін құрып жатқан дәуірде ұлттық мәдениеттің күші, білімі, тәжірибелері, рухы бұрынғыдан да бетер қоғамға қажеттілігін арттыруда, оның артуына себеп болатын нәрсе ұрпақ пен ұлттың болашағын айқындайтын дүние ұлт мәдениетінің бойындағы құндылықтар болуында. Ертеден Қазақ халқының ержүрек батыр ұрпағы екенімізді мақтанышпен айта алатындай тәрбиелі саналы ұрпақ қалыптастыру өз қолымызда. Осынау дамыған әлемде білім алушыларға барлық жағдай жасалған. Жақсы кітап жақсы қоғам тәрізді сезім мен санаңды нұрландырады, көркейтеді. Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес. Кітап білімнің нағыз қайнар көзі. Халқымыз әр ғасырда-ақ ел даналары мен замана тұлғаларының өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған ұлағатты және тәрбиесі мол. Егерде өзімізден дамыған, өз ой пікірі қалыптасқан ақылды адам жасағымыз келсе оның бірден-бір жолы кітап көп оқу. Өмірде кітап оқудың адамға берері көп. Шындап келгенде, әр кітаптың бірер пайдасы адам баласы үшін үлкен өмірлік



тәжірибе.

Адамға таптырмайтын бірден-бір пайдалы дос ол кітап. Ешкімнің мазасын алмайтын, керек кезде жаныңнан табылатын, қиналғанда ақылшы болатын, үйреткен ақылына ақы сұрамайтын, жансарайыңды серпілтетін, көңіліңе шабыт қондыратын, өзі үн қатпаса да, өзінің ішкі әлемімен елітетін, дұрыс таңдау жасауға жол сілтейтін әрі адамды жалықтырмайтын серік деуге де болады. Еліміздің ақын жазушылары бізге қалдырып кеткен қаншама өлең жолдары мен даналық кітаптары бізге берілген өте үлкен қазына десек артық етпес. Кітап оқу ақыл-ойдың дамыған шарықтау шегі. Міне дәл сол кітап оқу арқылы өткенімізбен келер өмірімізге деген қаншама азық жинаудамыз. Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» – деген сөзінің өзінде қаншама түбі терең мағына жатыр. Қазақ деген сөзді әлемге танытқан қаншама елге абыройлы батырларымыз, ақын жазушыларымыз біз үшін мәңгі үлгі болып қалмақ. "Сұрасаң – бір минут ұяласың, сұрамасаң – өмір бойы ұятқа қалып жүресің" деген Жапон халқының даналық сөзі бар. Білім ешқашанда артық етпейді, өмір бойғы азығымызды мүмкіндігіміз барда пайдаланып қалу нағыз есті адамның әдеті болуы тиіс секілді.

**Балнұр ШАРАЛБАЕВА,**  
1-курс студенті

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАХАББАТ ҰҒЫМЫ

Абай Құнанбайұлының көз-қарасында әлемде сансыз жаратылыстар болса, соның ішінде адам жаратылысының мақсат-мүраты көп әрі ұлы екені ұғындырылады. Яғни мұнда ақын жаратылыстарға берілген нығметтер мен олардың критерийлеріне қарап Алла тағаланың адамға деген махаббаты ерекше екенін түсіндіргісі келеді. Тіпті кейбір жүрегін толық Алла тағалаға арнаған ислам ғалымдары мұндай жаратушының махаббатына «Сенің (Алла) нұрың да қош (көркем), нарың (от) да қош» деп, Алладан келген әрбір істі ризалықпен қабылдаған.

Абай Құнанбайұлының ұғымындағы махаббат баршаға белгілі ғашықтық сезімімен өлшенбеген. Оның мәні Жаратушыға деген сезім аясында өрбиді. Дүниеге ынтық-тық болу, ғылымға ден қою, ақыл парасатқа жету, әділетті болу, шарығатқа амал ету, т.т. Міне мұның барлығы Хақты тану, яғни пендені жаратқан Жаратушы арқылы тануды негізге алады. Сондықтан Абай өзінің ойшылдық мұрасында махаббат ол жұртшылыққа мәлім мағынада емес, философиялық мәнде, әсіресе, Аллаға ғашықтық және Алланың заңы деген ауыр жүктерді арқалаған арнаулы термин ретінде қолданған деген пікірлер орынды.

Бұл пікірді ақынның мына өлең жолдары да растай түседі: Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Рас, Жаратушы ие адамзатты бір мәні судан жаратты, олай болса сені жартақан иені сен де сүй. Ал сүйіспеншілік бүгінде анаға, отанға, балаға, т.б. демек, Жаратушыға болған сүйіспеншіліктің бір тамшысы

ғана болмақ. Себебі алғаш өзіңді жаратушыны сүй, соң өзгеге деген махаббат берік болады. Алайда бүгінде «махаббат» сөзінің ұғымы тарылып қалғандай. Тіпті қандай махаббатқа да сену күмәнді болып тұрғандай?! Мұның бастысы, Жаратушыны сүйе білмеу, өзгені де сезім арқылы сүюден арылтанды дегенге саяды.

Міне, Абай Құнанбайұлы Жаратушының осындай адамға деген асыл сезімінің қаншалықты маңызды әрі қажетті екендігіне ерекше мән береді. Сол арқылы адамды өзге жаратылыстармен салыстыра келе оның олардың иесі екенін және асыраушысы болатынын, қажетіне жаратып, пайдалануға болатынын қара сөзде (38 қара сөз) былай атап өтеді: «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар».

Өмірде біреу өзі қызығатын ісіне өте мұқият қарап, соған барынша махаббатпен мейірлене жұмысжасайды. Бұл жаратқанның жанында түкке тұрғысыз. Десе де, Алла тағаланың адамды қалай жаратқанына қарап, Оның пенделеріне деген махаббатын көкірегі ояу жандар ешбір себепсіз түсінсе екен. Қараңыз: «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып

ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?».

Адамзат баласын махаббатпен жаратпаса Жаратушы осы жолдардағы хайуаннан артықшылығын көрсетер ме еді? Хайуаннан артық болған екі қол ғана емес, ас ішудегі сезім мүшелері, көрік беруші қастан өзге танығанын сөз етсін деп тілді беру, сол арқылы біріне-бірі ойын айтып жеткізуі де адамзатқа деген нағыз махаббаттың көрнісі емесе пе? Олай болса әрі қарай нағыз шынайылық «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» дегені кім жақсылық жасаса, сен де оған жақсылықпен жауап беруің қарыз емес пе? дегені адамзат баласына айтылғаны айдан анық.

Абай ақынның «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар» деген тұжырымын абайтанушы А.Омаров былайша түсініктейді: Баршаға аян, ажал әлді мен әлсіздің, кінәлі мен кінәсіздің, жазықты мен жазықсыздың арасына айырма қоймайды. Бұл нені білдіреді? Адамның рухы мәңгі, солсебепті Құдай тағала абсалютті Әділеттілікпен шығаратын сот жа-

засын кейінге қалдырады дегенді білдіреді. Азғана кінәлер бұл фәниде де жазалануы мүмкін, бірақ ауыр қылмыстар, мысалы, имансыздық, кісіні өлтіру және біреуге қиянат жасау, о дүниеде – махшарда қаралатын істер. Ғұламаның «ғаделәт бар» дейтіні сол. Абай ойының тереңі екі дүниенің бірдей қамтылуынан көрінеді.

Бұл тұжырым ақынның махаббат сөзімен тіркескен ғадаләт ұғымынан Алла тағаланың кемелдігін, әділдігін, Оның заңдарының да адамзат баласы үшін жасалғандығын көрсетеді. Олай болса үшінші тірек еткен ұғымдағы әділдікті де Жаратушының негізгі критерийлерінің бірі деп білуіміз қажет.

Біз бір істі жасағанда оны толығымен орындауымыз бірінші кезекте өзіміздің көңілімізді толтырады. Ал толық нәтижеге жете алмай, кішкене кемшіліктер болғанда көңіліміз өз ісімізге дәл алдыңғыдай болмайтыны ақиқат. Енді мұнда Абай Құнанбайұлы айтқысы келіп отырған мына әлемге мейір-махаббатпен, адамның тек жақсылық атаулы үшін жаратылғанын шынайы көңілмен түсіне білу де әуелі сол Алла тағаланы махаббатпен тану жолынан бастау алатынын жеткізген. Бұл мақсатқа басқа жолдармен жету, әлгіндей көңілі толық толмайтын жанның ісіне ұқсас болады. Сондықтан жаратқанды махаббатпен тани алсақ, жаратылғандарды да Оның махаббатынан туындаған бір шеберлік деп қабылдап, оларға зиян беруден де аулақ болған болар едік.

**Батыржан ТЕМІРХАНОВ**

## GAZETTİN TÜRK TİLİNDEĞİ QOSYIMŞASY




**Genç Akademisyen Birliği Derneği Genel Başkanı Dr. Yunus Kocabıyık ve Yönetim Kurulu Üyeleri, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i Ziyaret Etti**



Genç Akademisyen Birliği Derneği Genel Başkanı Dr. Yunus Kocabıyık ve Yönetim Kurulu Üyeleri, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Ziyarete ikili iş birliği hususları değerlendirildi.

## Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesi'nde Artroplasti ve Erişkin Rekonstrüktif Cerrahi Master Class Eğitimi Büyük İlgı Gördü

Ahmet Yesevi Tıp Fakültesi Hastanesi ortopedi bölümü ortopedi uzmanları Op. Dr. Kuvvat Akhayeve, Op. Dr. Almasbek Ahmetov, Op. Dr. Dilşad İsrailov, Rusya Halkların Dostluğu Üniversitesi öğretim görevlisi Doç. Dr. Denis Vladirimoviç'in ve Türkistan eyaletinden ortopedi uzmanlarının katılımıyla «Artroplasti ve Erişkin Rekonstrüktif Cerrahide Güncel Yaklaşımlar» adlı master class eğitimi teorik ve pratik olmak üzere iki oturumda gerçekleşmiştir. Eğitim kapsamında seçilmiş vakalarda başarılı operasyonlar gerçekleştirilmiştir.



## TRT'de staj yapmak üzere Türkiye'de bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesi Gazetecilik Bölümü öğrencileri, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti



TRT'de staj yapmak üzere Türkiye'de bulunan Ahmet Yesevi Üniversitesi Gazetecilik Bölümü öğrencileri, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti. Prof. Dr. Şimşek, öğrencileri göstermiş oldukları başarıdan dolayı tebrik etti.

## T.C. Aile ve Sosyal Hizmetler Bakan Yardımcısı, Büyükelçi Yavuz Selim Kıran, Gedik Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Hülya Gedik ve Gedik Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Ahmet Kesik, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti



T.C. Aile ve Sosyal Hizmetler Bakan Yardımcısı, Büyükelçi Yavuz Selim Kıran, Gedik Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Hülya Gedik ve Gedik Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Ahmet Kesik, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'i ziyaret etti.

## Қазақстанда қай күні қандай мереке тойланады

Еліміздегі Жаңа жыл, Тәуелсіздік күні, Конституция күні секілді ресми мереке күндерін бәріміз білеміз. Ал, Аналар күні қашан тойланатынын білесіз бе? Қазақстанда қай күні қандай мереке тойланады

**1 наурыз** – елімізде Алғыс айту күні. Бұл мереке 2016 жылдан бастап тойлана бастады. Бұл күн – еліміздегі барша халықтың тарихын құрметтеу күні. Мерекелік дата Қазақстан халқы ассамблеясының құрылған күніне орай таңдалды.

Президент «Алғыс айту күні» туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын Барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн – мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

**31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күні ХХ ғасыр басында қуғынға ұшырап, құрбан болған саңлақтарымызды еске аламыз. Қазақтың біртуар азаматтары, ғалым, жазушысы, мәдениет қайраткерлері, барлығы 25 мың адам ату жазасына кесілген еді. Сонымен бірге бұл күні ашаршылық құрбандарын еске алады.

Мемлекет басшысының 2003 жылғы 15 қарашадағы жарлығына сәйкес, елімізде тамыз айының үшінші жексенбісі – **спорт күні** болып бекіген. Аталған мереке елде спортты дамыту мен спорттағы жетістіктерді ынталандыруға арналған. Бұл күні салауатты өмір салтын ұстануға арналған спорттық шаралар ұйымдастырылады.

**1 - қыркүйек** Білім күні. Білім күні, 1 қыркүйекте қазақстандық мектептерде алғашқы қоңырау соғылады. 1 қыркүйек мерекесі Кеңес заманында пайда болған екен. Ресми түрде «Білім күні» ретінде 1984 жылы Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен бекітілген.

Қыркүйек айының екінші жексенбісі – **Отбасы күні**. 15 мамыр – халықаралық отбасы күні. Мереке 1993 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен бекітілген. Отбасы – шағын мемлекет. Сондықтан атаулы мереке қоғамның назарын отбасыға аудару, отбасының ең маңызды құндылығымыз екенін ұғындыру мақсатында аталып өтеді. Бұл күні отбасы мүшелері бір-біріне ерекше сыйлықтар жасап, көңілін көтереді.

Қазақстанда қыркүйек айының үшінші жексенбісінде **Аналар күні** аталып өтеді. Адам өмірінде ананың рөлі ерекше. Адамзатың ана алдындағы парызы көп. Бұл күн аналарымызды құрметтеу күні. Перзенті үшін жанын қиюға даяр аналарға алғыс айту идеясы Нұрсұлтан Назарбаев идеясымен бекітілген болатын.



Елімізде 130-дан астам ұлт мен ұлыс мекен етеді. Отанымыздағы барша халықтың тілін құрметтеу мақсатында 22 қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні тойланады. Мереке аясында еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар өтеді. Бір күнде күллі халықтың жетістігін тамашалап үлгермейтіндіктен мереке бір айға жуық тойланады.

Қыркүйек айының төртінші жексенбісі – **Еңбек күні**. Мереке еліміздегі жұмысшы мамандық еңбеккерлерінің рухын нығайтып, еңбегіне алғыс айту күні. Түрлі сала мамандарын марапаттайды. Мерекенің атап өтудегі мақсат – өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау мен жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту болып табылады.

**4 маусым** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Әнұраны алғаш 1992 жылы 4 маусым күні бекітілген. Ту авторы Шәкен Ниязбеков, Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Алғашқы әнұранымыздың авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский мен Латиф Хамиди. 2006 жылы қабылданған жаңа Әнұранымыздың авторлары – Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Егемендігіміздің белгісі ретінде бекітілген Ту, Елтаңба және Әнұран – ұлтымыз үшін аса қастерлі құндылықтар. Олар барша қазақстандықтың рухын асқақтатып, ұлттық бітім-болмысын айшықтайды.

Шілденің бірінші жексенбісі елбасының бастамасымен Ұлттық домбыра күні болып бекіді. Мереке биыл алғаш рет тойланып отыр. Домбыра – қазақтың жандүниесімен байланысты. «Домбыраның үнін жусан даласында өскен қазақ қана түсінеді» деп баға берген еді елбасының өзі. Домбыраны насихаттау, киелі аспапты дәріптеу мақсатында бұл мереке жыл сайын тойланатын болады.

**10 тамыз** - Абай күні болып бекітілді. Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бұл күн мейрам ретінде мерекелер күнтізбесіне енгізілді.

**1 қазан** - Халықаралық қарттар күні. 1990 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қазанның 1-ін Халықаралық қарттар күні деп бекітті. Алғашында Қарттар күні Еуропада, кейін Америкада, ал 80-ші жылдардың соңында бүкіл әлемде аталып өтетін болды. Бұл күні аз қамтамасыз етілген қарт адамдар, жалғыздікті зейнеткерлер мен қарт мүгедектер құрметке бөленеді, сондай-ақ оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек көрсетіледі.

**16 қазан** Нан күнін атап өтеді. БҰҰ 2017 жылдың 16 қазан күнін Бүкіләлемдік нан күні ретінде тіркеу туралы шешім шығарды. Ал Қазақстанда бұл күн 2019 жылғы 16 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының үкіметінің қаулысымен бекітілді.

Төл теңгеміз – тәуелсіздігіміздің бір айғағы. Елімізде **15 қараша** Ұлттық валюта күні тойланады. Сонымен қатар бұл күні қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасынан бастап айналымға енді. Алғашқы теңгенің бетінде Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Әбілқайыр мен Абылай хандар секілді қазақтың біртуар азаматтары бейнеленген еді. Бұл купюралар 2006 жылдың шілде айына дейін қолданыста болды.

## МЕРЕКЕЛІК ЛЕБИЗДЕР

## Ананың жылы құшағы мен мейірімі неткен керемет!

Кез-келген адамның әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді жан – ана. Ана баласы қандай қателік жасаса да кешіреді. Оның мейірімділігінде шек жоқ. Ана болу – бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда ана өзін-өзі ұмытып, барлық күш-жігерін перзентіне жұмсайды, сол арқылы оның жаны нұрлана, нәрлене түседі. Ал баланың анаға деген махаббаты жеткіліксіз. Оны барынша құрмет тұтып, қастерлеу әрбір баланың борышы. Ана махаббатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ананың мейірімі жан-жағына өз шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейірім алып жүрген барша адамзат аналарды мәңгі ардақтап, аялай білсе, бұдан асқан бақыт жоқ шығар.

Балнұр ШАРАЛБАЕВА,  
1-курс студенті



## Анашымның амандығын тілеймін!

Мен анамды қатты жақсы көремін. Әрқаз оның амандығын тілеймін. Бірақ кейде оны ренжітіп алып жатамын. Мен өзім тез ашуланатын мінезім бар. Кейде анама бұлданып, қарсы сөйлеп қалатыным бар. Бірақ ашуым қайтқан соң «бекер айттым» деп өкініп қаламын. Бірақ менің анам – кешірімшіл, ақылды, байсалды адам. Осындай сәттерде анамның көңілін табуға тырысамын. Бетінен сүйіп, жылы сөздер айтамын. Анам ауырып қалған кезде амандығын тілеймін. Бұл өмірде достарым мен туыстарым қаншалықты көп болғанымен, олардың бәрі анамдай болмайтындай көрінеді. Жасы үлкен-кіші туыстарым бір істі бастарда немесе басқа да жағдайларда менің анаммен ақылдасады. Ол барлық мәселенің шешімін тауып реттейді, кеңес береді. Анамды қатты жақсы көремін. Анашым мені түсінетіне күмәнім жоқ. Анам ауырмай ұзақ өмір жасаса екен деп тілеймін. Әрқашан анамыздың көңілі шат, жүзі жарқын, дені сау болуын тілеймін. Барлық баланың анасы аман болсын!

Әсел МӘУЛЕНОВА,  
1-курс студенті

## АНА - ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ АРДАҚТЫ ЖАН

Ана — әлемдегі ең ардақты да, аяулы жан. Тоғыз ай құрсағында көтеріп, жүрегінің астында жатқан нәрестесінен барын да, нарын да аямайтын ананың адам өміріндегі орны ерекше. Гүлдің жайқалып өсуі үшін су мен ауа қаншалықты қажет болса, баланың дұрыс жетілуі үшін де ата-ананың қажеттігі басым.



қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Ананың көзінен нұр төгіліп, жан-жағына шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейір алып жүрген біз – алтын ананы мәңгі қастерлеп, еңбегін бағалайықшы. Себебі адам өмірде «адам» болғысы келсе, алдымен ананы қастерлей білуі керек емес?!

Балнұр ҚОЙШЫБАЙ,  
1-курс студенті

## 8 наурыз мерекесі қалай пайда болған?

1857 жылдың 8 наурызынан бастап әлемдегі күллі ерлер бұл күні әйелдерге ерекше көңіл бөліп, әйелдер қауымы сүйіктілерінен сыйлық алып, мәре-сәре болып жатады. Ежелгі римдіктер көктемнің алғашқы айын әйелдер мейрамы деп таңдап алды.

Мереке күні әр жерде демалыс жарияланып келеді. Бірақ көпшілік бұл мейрамның қашан және қайдан келгенін біле бермейді.

Мереке тарих сахнасына әйелдер құқығы үшін күресу күні ретінде шыққан еді. 1857 жылы 8 наурыз күні Нью-Йоркте тігін және аяқ-киім фабрикаларының жұмысшы әйелдері манифестке жиналады.

Олар 10 сағаттық жұмыс күнін, жарық әрі құрғақ жұмыс орындарын, ер адамдармен бірдей жалақы мөлшерін талап еткен еді. Әйелдер сол кездері 16 сағат тер төккен еңбектеріне өте аз жалақы алатын болған. Сөйтіп, 1857 жылы 8 наурыздан бастап кәсіподақ мүшелігіне әйелдер де кіре бастады.

Бұл күні бірнеше қалада да әйелдер сайлау құқығын талап етіп, шеруге шығады. 1910 жылы Копенгагенде өткен халықаралық конференцияда Клара Цеткин 8 наурыз күнін халықаралық әйелдер күні ретінде атап өту туралы ұсыныс жасайды.

Бұл әлемнің төрт бұрышындағы әйелдерге өз құқықтары үшін күресу үндеуі еді. Сонымен қатар, әйелдерді кедейшілікке қарсы, еңбекті бағалау, ар-ожданды қадірлеу, бейбітшілік үшін күресуге шақырады. Бұл мейрам 1911 жылы 19 наурызда Австрия, Дания, Германия, Швейцария елдерінде аталып өтті.

Ресейде бұл мейрамның бастауы 1913 жылы Петербургте қала басшылығына «әйелдер мәселесі» атты өтініштен басталады. Биліктегілер бұл өтінішті қабылдап, Полтава көшесінде орналасқан Калашникова нан биржасында 1,5 мың адам жиналған жиналыста әйелдердің сайлау құқығы, аналық құқықты мемлекет тарапынан қорғау сияқты мәселелерді көтерді.

Кеңес Үкіметі кезінде 8 наурыз мемлекеттік мейрам дәрежесіне көтеріледі. Уақыт өте бұл мейрам саяси мәнін жоғалта бастайды. Кеңес Үкіметі тарағаннан кейін де 8 наурыз мейрамы ТМД елдері арасында әлі де тойланып келеді.

Өзірбайжан, Грузия, Қырғыз Республикасы, Молдавия, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Беларусь елдерінде Әйелдер күні ретінде аталып өтсе, Армения мен Өзбекстанда аналар күні болып саналады.

### Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 218-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа және PR бөлімі

Тілшілер:  
Журналистика мамандығының студенттері

Фото мамандары:  
Нахып ШЫНТЕМІРОВ, Серікболсын ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.